


«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

**Бағдарлама
«Аспан әлемі»**

2025-2026жыл

КЕЛІСІЛДІ:
Аудандық білім бөлімінің
басшысы: Е.Б.Бегалин



БЕКІТІЛДІ:
«Балдырған» бөбекжай-бақшасы»
менгерушісі: А.К.Бисебаева



**«Балдырған» бөбекжай-бақшасының» 28.08.2025 жылғы
№1 педагогикалық кеңестегі №1 хаттамада қаралды.
«Аспан әлемі» бағдарламасы талқыланды.**

Бағдарламаны құрастырған: Байманова А.Ғ.
Қазыбаева Д.Д.

Түсініктеме

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты талаптарына сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау мәдениеті мен қиялын дамыту жұмыстарын жүргізуге байланысты «Балапан» ортаңғы тобына «Танымдық», зерттеушілік және шығармашылық дағды бойынша «Аспан әлемі» тақырыбында вариатив бағдарлама алынды. «Аспан әлемі» бағдарламасының негізгі мақсаты – балалардың табиғатқа, әсіресе ғарыш пен аспан құбылыстарына қызығушылығын арттыру, танымдық қабілеттерін, қиялын, зерттеушілік дағдыларын дамыту.

Бағдарламаның негіздемесі:

Бағдарлама баланың танымдық белсенділігін арттыруға, қиялын дамытуға және қоршаған әлемге деген қызығушылығын оятуға бағытталады. Сонымен қатар, балаларда табиғатты аялау, аспан әлеміне қызығушылық пен зерттеушілік қасиеттерді тәрбиелеу басты назарда ұсталады.

Мақсаты: Балалардың ғарыш, жұлдыздар, күн, ай, планеталар туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру, әлемнің тұтастығы мен әсемдігін сезіндірі, қоршаған ортаға қызығушылық пен сүйіспеншілік тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Балалардың аспан денелері мен ғарыш туралы бастапқы білімін кеңейту;
2. Табиғат құбылыстарын бақылау және талдау дағдыларын дамыту;
3. Қиял мен шығармашылық ойлауды жетілдіру (сурет салу, модель жасау, ертегі құрастыру арқылы);
4. Ғарышкерлер еңбегіне қызығушылық тудыру, еңбекке құрмет сезімін қалыптастыру;
5. Табиғатты аялауға, әлемге жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер:

1. Көрнекілік әдістері

Бақылау – аспанды, бұлтты, Күн мен Айдың қозғалысын, жұлдыздарды бақылау.

Суреттер, бейнероликтер көрсету – ғарыш, планеталар, жұлдыздар туралы.

Модельдер мен макеттер пайдалану – Күн жүйесінің үлгісін жасау.

Тәжірибелер мен эксперименттер – мысалы: «Күн мен көлеңке», «Жарық пен қараңғы», «Жұлдыздар неге жыпылықтайды?»

2. Сөздік әдістер

Әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап – аспан әлемі мен табиғат құбылыстары туралы білім қалыптастыру.

Көркем әдебиет оқу – аспан, ғарыш тақырыбындағы өлеңдер, ертегілер, мақал-мәтелдер.

Әңгіме құрастыру – «Мен ғарышкер болсам...», «Жұлдыздар әлемінде» сияқты шығармашылық әңгімелер.

3. Іс-әрекеттік әдістер

Ойын әдістері – «Ғарышқа ұшу», «Планеталар сапары», «Жұлдыз жинау», «Күн мен Ай» сияқты қимылды және дидактикалық ойындар.

Зерттеу және тәжірибе жасау – табиғи құбылыстарды (жарық, ауа, күн сәулесі) зерттеу арқылы қорытынды шығару.

Шығармашылық жұмыстар – сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, коллаж жасау, макет құрастыру.

Музыка мен қимыл қозғалыс – ғарыш тақырыбындағы әндер, билер, ырғақты жаттығулар.

4. Интерактивті және заманауи әдістер

Мультимедиалық сабақтар – бейне және аудио материалдар арқылы білімді тереңдету.

АКТ қолдану – планшет, интерактивті тақта арқылы жұлдыздар мен планеталарды көрсету.

Топтық және жобалық жұмыс – «Біздің галактика», «Күн жүйесі», «Ғарышкерлер елі» сияқты шағын жобалар.

5. Халық педагогикасы элементтері

Қазақ халқының аспанға байланысты танымдық мұрасын қолдану:

– жұлдыз атаулары (Жетіқарақшы, Темірқазық),

– халықтық болжамдар («Айдың тууы мен батуына қарап ауа райын болжау»),

– мақал-мәтелдер, жұмбақтар.

Күтілетін нәтиже:

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде балалар:

1. Танымдық сала бойынша:

Күн, Ай, жұлдыз, планета сияқты аспан денелерін таниды және ажырата біледі;
Табиғаттағы күн мен түннің, жыл мезгілдерінің ауысу себептерін қарапайым деңгейде түсінеді. Ғарыш және ғарышкерлер туралы қарапайым мағлұмат алады. Бақылау, салыстыру, талдау дағдылары қалыптасады.

2. Шығармашылық даму саласы:

Аспан әлемі тақырыбында сурет салып, мүсіндеп, әңгіме немесе ертегі құрастыра алады;
Өз ойы мен қиялын еркін жеткізе біледі. Музыка мен қимыл арқылы өз әсерін білдіреді (мысалы, ғарышкердің ұшуы, Күн мен Ай биі).

3. Қарым-қатынас және тіл дамыту:

Тақырыпқа байланысты жаңа сөздер мен ұғымдарды меңгереді (ғарыш, планета, ғарышкер, жұлдыз, зымыран т.б.). Өз ойын байланыстырып айта алады, сұрақтарға жауап береді. Диалог пен әңгіме барысында пікірін білдіреді.

4. Әлеуметтік-эмоциялық даму:

Ғарышкерлер еңбегіне құрметпен қарайды. Табиғатты сүйе білу, аспан әлеміне қызығушылық және жауапкершілік сезімі қалыптасады. Достық, ынтымақтастық, бірлесіп әрекет ету дағдылары дамиды.

Пікір

«Аспан әлемі» бағдарламасы – мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің танымдық қызығушылығын арттыруға, олардың қоршаған орта туралы түсінігін кеңейтуге бағытталған өзекті әрі мазмұнды бағдарлама. Бұл бағдарлама балаларды ғарыш әлемімен таныстырып қана қоймай, олардың зерттеушілік қабілеттерін, ойлау белсенділігін және қиялын дамытуға үлкен мүмкіндік береді.


Бағдарлама мазмұны жүйелі түрде құрылған: Күн жүйесі, ғаламшарлар, жұлдыздар, Ай, аспан құбылыстары сияқты тақырыптар балалардың жас ерекшеліктеріне сай қарастырылған. Әр оқу қызметі қызықты ойындармен, шығармашылық тапсырмалармен және тәжірибелік жұмыстармен толықтырылған. Мұндай әдістер балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетке деген қызығушылығын арттырып, білімді жеңіл әрі тиімді меңгеруіне ықпал етеді.

Сонымен қатар, бағдарламада қолданылатын көрнекіліктер, дидактикалық материалдар және заманауи педагогикалық технологиялар оқу процесінің сапасын арттырады. Балалар тек тыңдаушы емес, белсенді қатысушы ретінде әрекет етіп, өз ойларын еркін жеткізуге, сұрақ қойып, жауап іздеуге үйренеді. Бұл олардың тілдік қарым-қатынас дағдыларын дамытып, өзіндік пікір қалыптастыруына септігін тигізеді.

Бағдарламаның тәрбиелік мәні де жоғары. Балалар табиғатқа, ғарыш әлеміне деген қызығушылықпен қатар, ұқыптылыққа, ұйымшылдыққа, ізденімпаздыққа тәрбиеленеді. Сонымен бірге, топпен жұмыс жасау барысында бір-біріне көмектесу, өзара сыйластық қасиеттері қалыптасады.

Тәжірибелік және эксперименттік жұмыстардың енгізілуі бағдарламаның тиімділігін арттыра түседі. Мысалы, «ғарыш кемесі», «зымыран құрастыру», «жұлдызды аспанды бейнелеу» сияқты әрекеттер арқылы балалар алған білімдерін іс жүзінде қолдана алады. Бұл олардың логикалық ойлауын, ұсақ моторикасын және шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Жалпы алғанда, «Аспан әлемі» бағдарламасы – балалардың жан-жақты дамуына, ғылыми дүниетанымының қалыптасуына ықпал ететін, мазмұны терең, әдістемелік тұрғыдан сауатты құрастырылған тиімді бағдарлама деп есептеймін. Осындай бағдарламалар арқылы болашақ ұрпақтың білімге деген қызығушылығын ерте жастан қалыптастыруға болад

Абдрахманова.Г.Д 

Бағдарламаның оң тұстары:

1. Тақырыптың баланы қызықтыруы:

Аспан мен ғарыш туралы тақырыптар балалардың табиғи қызығушылығына жауап береді, бақылау мен зерттеуге ынталандырады.

2. Көрнекілік пен тәжірибеге негізделуі:

Сабақтарда тәжірибе жасау, сурет салу, ойын және бақылау сияқты әдістер баланың белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

3. Шығармашылық дамуға ықпалы:

Балалар қиялдап, өз ертегілерін, суреттерін, макеттерін жасап, ойларын еркін жеткізе алады.

4. Тәрбиелік мәні жоғары:

Бағдарлама арқылы балалар табиғатты аялауды, ғарышкерлердің еңбегін құрметтеуді, елжандылық пен жауапкершілік сезімін бойына сіңіреді.

5. Интеграциялық бағыт:

Тақырыптар тіл дамыту, көркем әдебиет, музыка, бейнелеу өнері, таным және қоршаған ортамен танысу салаларын біріктіреді.

**«Аспан әлемі» вариативтік бағдарламаның
ұйымдастырылған іс-әрекет жоспары**

№	Тақырыбы	Мақсаты:	Ұйымдастырылған іс-әрекет түрі	Сағат саны	Мерзімі
1	Аспан әлемімен таныстыру	Аспан туралы алғашқы түсінік қалыптастыру	Сұрақ-жауап, бақылау	1	05.09.2025ж
2	Күн- өмір көзі	Күннің маңызын түсіндіру.	Тәжірибе, сурет салу	1	12.09.2025ж
3	Ай және оның құптасы	Ай мен түн ұғымын ажырату.	Көрнекілікпен жұмыс	1	19.09.2025ж
4	Жұлдыздар аспаны	Жұлдыз ұғымын таныстыру	Ойын, жапсыру	1	26.09.2025ж
5	Күн мен түннің ауысуы	Табиғат құбылыстарын түсіндіру	Тәжірибе жасау	1	03.10.2025ж

6	Бұлттар мен жаңбыр	Ауа-райы туралы түсінік беру.	Зерттеу ойыны	1	10.10.2025ж
7	Кемпіркосақтың түстері	Табиғи әсемдікті сезіну	Сурет салу	1	17.10.2025ж
8	Күн жүйесі	Планеталар туралы қарапайым түсінік қалыптастыру.	Макет жасау	1	24.10.2025ж
9	Ғарышқа жол	Зымыран мен ғарышкерлер еңбегі туралы әңгімелеу.	Видео сабақ (АКТ технологиясы)	1	31.10.2025ж
10	Ғарышкер күні	Ғарышкерлерге құрмет көрсету	Ән,би,өлең.	1	07.11.2025ж
11	Ай мен жұлдыздар биі	Қимыл-қозғалыс арқылы бейнелеу.	Музыкалық ойын	1	14.11.2025ж
12	Темірқазықпен жетіқарақшы	Қазақтың аспан танымы.	Халық педагогикасы	1	21.11.2025ж
13	Күн жүйесінің ғажайыбы	Бақылау және талдау.	Модельдеу	1	28.11.2025ж
14	Ғарыштағы дыбыс	Есту арқылы зерттеу	Тәжірибе	1	05.12.2025ж

	Ауа мен жаңбыр.	Табиғаттағы физикалық құбылыстарды түсіну.	Эксперимент	1	12.12.2025ж
16	Күннің көлеңкесі.	Көлеңке мен жарықты салыстыру	Практикалық жұмыс	1	19.12.2025ж
17	Зымыран жасаймыз	Қол еңбегі арқылы ой дамыту	Қолөнер	1	26.12.2025ж
18	Мен ғарышкермін.	Рольдік ойын	Театрландырылған көрініс	1	09.01.2026ж
19	Ғарыш кемесі қалай ұшады.	Ғарыш техникасымен танысу.	Тәжірибе, бейне	1	16.01.2026ж
20	Ғарыштағы өмір.	Ғарышкерлер тұрмысы туралы білу.	Әңгіме	1	23.01.2026ж
21	Айда серуен.	Қиялмен елестету қабілетін дамыту.	Ойын-саяхат	1	30.01.2026ж
22	Күн мен ай достығы.	Табиғат құбылыстары арасындағы байланыс	Салыстыру	1	06.02.2026ж
23	Аспандағы түрлі-түстер.	Эстетикалық сезімін дамыту	Бейнелеу	1	13.02.2026ж
24	Жарықпен қараңғылық	Қарама қарсылықты түсіндіру	Эксперимент	1	20.02.2026ж

	Ғарыштағы дыбыстар.	Есту қабілетін жетілдіру.	Музыкалық жаттығу	1	27.02.2026ж
26	Күн мен жел.	Табиғаттағы өзара байланыс.	Тәжірибе	1	06.03.2026ж
27	Жұлдызды аспан астында.	Эстетикалық қабылдау	Музыкалық сәт	1	13.03.2026ж
28	Аспан құбылыстары.	Танымдық білімді бекіту.	Ойын-сұрақ	1	20.03.2026ж
29	Ғарышкерлер еңбегі.	Еңбекке құрмет сезімін тәрбиелеу.	Көрме	1	27.03.2026ж
30	Ғарыштағы жануарлар.	Танымдық қызығушылық	Көрнекілікпен танысу	1	03.04.2026ж
31	Күн жүйесін құрастырамыз.	Қол еңбегі арқылы бекіту	Макет жасау	1	10.04.2026ж
32	Табиғат пен ғарыш байланысы.	Экологиялық мәдениет қалыптастыру.	Топтық жұмыс	1	17.04.2026ж
33	Менің жұлдызым	Өзін-өзі тану шығармашылық	Сурет салу	1	24.04.2026ж

	Ғарышқа саяхат.	Жалпы қайталау	Саяхат ойыны	1	08.05.2026ж
35	Біз-зерттеушіміз.	Білімді бекіту.	Танымдық ойыны	1	15.05.2026ж
36	Аспан әлемі қорытынды сабағы.	Барлық білімді бекіту, қортындылау, қызығушылықты арттыру.	Көрме, ән, өлең, би.	1	22.05.2026ж

Тексерілді: *А.А.* №1 Ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы: «Аспан әлемімен таныстыру»

Мақсаты: Балаларға аспан әлемі туралы алғашқы түсінік қалыптастыру.

Қажетті көрнекіліктер: Күн, ай, жұлдыз, бұлт суреттері

1. Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші балаларды шеңберге жинайды.

Тәрбиеші:

— Балалар, бүгін біз ерекше әлемге саяхат жасаймыз! Ол – Аспан әлемі. Ал аспанда не бар екен, білгілерің келедіме?



Балалар:

-ия

2. Гажайып сәт

Топқа «Жұлдызша» қонаққа келеді.

Жұлдызша:

— Сәлем, балалар! Мен аспаннан ұшып келдім. Аспанда достарым көп, сендерге көрсеткім келеді.

3. Негізгі бөлім

☑ Аспанда не бар?

Тәрбиеші суреттерді көрсетеді:

Күн – жарық береді, жылытады.

Ай – түнде шығады.

Жұлдыздар – түнде көп болады, жарқырайды.

Бұлттар – ауада жүзіп жүреді.

Сұрақ-жауап:

Тәрбиеші:

Балалар, мен сендерге бір сұрақ қойайын.

— Күн қашан шығады?

— Айды қай кезде көреміз?

— Жұлдыздар қандай болады?

Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аспанға ұқсайық»

«Күн» десем – балалар қолдарын жоғары көтереді.

«Ай» десем – қолдарын дөңгелетеді.

«Жұлдыз» десем – саусақтарын жылтыратып қозғалтатын қимыл жасайды.

4. Шығармашылық жұмыс (вариатив)

Балаларға жұлдыздарды көк түсті қағазға жапсыру ұсынылады.

Мақсат: ұсақ моторика, эстетикалық талғамды дамыту.

5. Қорытынды

Тәрбиеші:

— Бүгін аспан әлемі туралы не білдік? Аспанда не бар?

«Жұлдызша» балаларға рахмет айтып, аспанға «қайтады».

☑ Күтілетін нәтиже:

Балалар күн, ай, жұлдыз, бұлтты танып, атай алады.

Аспан денелері туралы бастапқы түсінік қалыптасады.

Тілдік және шығармашылық дағдылары дамиды



Тақырыбы: «Күн – өмір көзі»

Мақсаты: Балаларға Күн туралы түсінік беру, Күннің өмір үшін маңызын түсіндіру. Жарық пен жылу туралы алғашқы білімдерін кеңейту. Балалардың ойлау, сөйлеу, салыстыру қабілеттерін дамыту. Табиғатты аялауға, күннің қадірін білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер:

Күннің үлкен суреті

Бұлт, гүл, адам, жануар суреттері

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балалар шеңберге тұрады.


Тәрбиеші:

— Балалар, бүгін бізге аспаннан бір ерекше қонақ келеді. Кім деп ойлайсыңдар?

(Балалардың жауаптары тыңдалады.)

2. Ғажайып сәт: «Күн» келеді

Үлкен жарқыраған Күн суреті көрсетіледі.



Күн:

— Сәлем, балалар! Мен сендерге жылу мен жарық әкелдім.

Бүгін сендерге менің қандай маңызды екенімді айтып бергім келеді.

3. Негізгі бөлім

□ Әңгімелесу: Күн не үшін керек?

Тәрбиеші Күн суретін көрсетіп, түсіндіреді:

— Күн бізге жарық береді.

— Күн бізді жылытады.

— Күн болмаса өсімдіктер өспейді.

— Адамдар, жануарлар, тіпті табиғаттың бәрі Күннің жылуы мен жарығына мұқтаж.

Сондықтан Күн – өмір көзі деп атайды.

□ Сұрақ-жауап

— Күн бізге не береді?

— Күн болмаса не болады?

— Күн қашан шығады?

4. Сергіту сәті: «Күн сәулесі шашылады»

Балалар қолдарын жоғары көтеріп, күн сәулесін шашқандай қимыл жасайды.

Жұмсақ музыка ойнайды.

5. Шығармашылық жұмыс (вариатив)

Апликация: «Жарқыраған күн»

Балаларға Күннің дайын дөңгелек суреті беріледі.

Олар сары қағаздан «сәулелерін» қиып, айналасына жапсырады.

Мақсаты: ұсақ моторика, қиял, әсемдік сезімін дамыту.

6. Қорытынды

Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды:

— Бүгін біз не туралы білдік?

— Күн не үшін өмір көзі деп аталады?

Күн:

— Рақмет, балалар! Сендер өте ақылдысыңдар. Мен әрқашан сендерді жарықпен қуантамын!

✓ Күтілетін нәтиже:

Балалар Күннің жарық пен жылу беретінін түсінеді.

Күннің тіршілік үшін маңызды екенін айта алады.

Сурет жапсыру, сұраққа жауап беру дағдысы дамиды.

Табиғатқа қызығушылығы артады.

Тлексеріңді: 

№3 Ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы: « Ай және оның құпиясы»

Мақсаты: Балаларды Ай туралы таныстыру, оның ерекшеліктерін түсіндіру. Айдың түнде шығатынын, оның пішінінің өзгеретінін үйрету. Балалардың ойлау, есте сақтау, сөйлеу дағдысын дамыту.

Қажетті құралдар:

Айдың түрлі фазаларының суреттері

Күн және аспан суреттері

«Ай» қуыршағы (немесе үлкен сурет)

Ақ және күміс жұлдызшалар

Жапсыру немесе бояу материалы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балаларды шеңберге жинау.

Тәрбиеші:

— Балалар, бүгін біз өте қызық әлемге саяхат жасаймыз. Ол түнде ғана көрінетін жұмбақ әлем — Аспан әлемі.

— Түнде аспанда не көресіңдер?

Балалардың жауаптарын тыңдау.

2. Ғажайып сәт: «Ай қонаққа келеді»

Айдың үлкен суреті немесе қуыршақ көрінеді.

Ай:

— Сәлем, балалар! Мен — Аймын. Түнде аспанды жарық қыламын.

Бүгін сендерге менің құпияларымды айтып берейін.

Балалар қызығушылықпен тыңдайды.

3. Негізгі бөлім

1-құпия: Мен өзім жарық шығармаймын

— Мен өзім жарық шығармаймын.

— Мен Күннің жарығын шағылыстырамын.

(Күн суретін көрсету.)

2-құпия: Менің пішінім өзгеріп тұрады

Суреттерді көрсету:

толық ай



жарты ай



орақ ай



— Мен әр күн сайын өзгеріп отырамын. Бұл — Ай фазалары.

3-құпия: Мен Жерді айналамын

— Мен Жерді айналып жүремін.

— Сол себепті әр күн сайын аспанда басқа орында тұрамын.

4-құпия: Менде ауа жоқ

— Менің бетімде су да, өсімдік те, жануар да жоқ.

— Тек үлкен шұңқырлар бар. Олар — кратерлер.

4. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ай жарығы»

Музыка қосылады.

Тәрбиеші айтады:

«Толған Ай» — балалар дөңгеленіп тұрады.

«Жарты Ай» — денелерін бүйірге бұрады.

«Орақ Ай» — еңкейіп, қолдарын орақ тәрізді ұстайды

Балалар пішіндерді өзгертіп орындайды.

5. Шығармашылық жұмыс (вариатив)

Апликация: «Жарқыраған Ай»

Балаларға қара көк қағаз, дайын дөңгелек Ай беріледі.

Олар айналасына жұлдыз жапсырып әдемілейді.

Мақсаты: ұсақ моторика, қиял, кеңістікті бағдарлау дағдысын дамыту.

6. Қорытынды

Сұрақтар:

- Ай қашан шығады?
- Айдың пішіні қандай болады?
- Ай жарықты қайдан алады?
- Айда не жоқ?

Балалардың жауаптарына мадақ беру.

Ай:

— Рахмет, балалар! Сендер ақылды, зейінді екенсіңдер. Түнде аспанға қарасаңдар — мені көресіңдер!

✓ Күтілетін нәтиже:

Айдың түнде шығатынын біледі.

Айдың пішіндерінің өзгеретінін түсінеді.

Күннің жарығын шағылыстыратынын айта алады.

Шығармашылық жұмыс жасай алады.

Табиғатты бақылауға қызығушылық пайда болады.

Әлексеріңді: 

№4 □ Ұйымдастырылған оқу қызмет

Тақырыбы: Жұлдыздар аспаны

Мақсаты: Балаларды жұлдыздар туралы алғашқы түсінікпен таныстыру. Түнгі аспанның ерекшелігін, жұлдыздардың жарық шығаратынын түсіндіру. Бақылау, салыстыру, ойлау және тіл дамыту.

Қажетті көрнекіліктер:

«Түнгі аспан» суреті

Жұлдыздардың түрлі өлшемдегі макеттері

Жарықшам (фонарь)

Жапсыруға арналған жұлдызшалар

Қара көк қағаз

Музыка (тыныш әуен)

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балаларды тыныш әуенмен шеңберге жинау.

Тәрбиеші:

— Балалар, күн батқанда аспан қандай болады?

— Түнде аспанда не көресіңдер?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

2. Ғажайып сәт: «Түнгі аспан» жарығы

Жарықты азайтып, фонарьмен жұлдыздарды көрсетеді.

Тәрбиеші:

— Қарандаршы, аспанда жарқыраған не көріп тұрмыз?

Балалар: «жұлдыздар».

3. Негізгі бөлім

□ Жұлдыз деген не?

Жұлдыздар — өте алыс орналасқан жарық шығаратын аспан денелері.

Түнде аспан қараңғы болғанда жақсы көрінеді. Жұлдыздар әртүрлі болады: үлкен, кішкентай, алыста, жақында сияқты көрінеді. Жұлдыздар неге жыпылықтайды?

— Ауа қозғалып тұрғандықтан, жұлдыздардың жарығы бізге жыпылықтап көрінеді.

Қарапайым тілмен түсіндіру.

Жұлдыздар туралы қызық дерек (балаларға лайық):

Жұлдыздар өте көп — санап бітіру мүмкін емес.

Кейбір жұлдыздар шоқ жұлдыз болып орналасады.

Ең жарық жұлдыз — Шолпан (таң жұлдызы).

4. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жарқыраған жұлдыздар»

Музыка қосылады.

Тәрбиеші айтады:

«Жұлдыздар жарқырады» — балалар қолдарын жоғары созып жылтыратады

«Жұлдыздар тынышталды» — баяу отыра қалады.

«Жұлдыздар сырғып барады» — жай қозғалады.

5. Шығармашылық жұмыс (вариатив)

Апликация: «Түнгі аспандағы жұлдыздар»

Балаларға қара көк қағаз беріледі.

Олар сары, ақ жұлдызшаларды тандап, әдемілеп жапсырады.

Мақсаты: ұсақ моторика, эстетикалық талғам, кеңістікті бағдарлау.

6. Қорытынды

Сұрақ-жауап:

— Жұлдыздар қай кезде көрінеді?

— Жұлдыздар қандай болады?

— Жұлдыздар неге жыпылықтайды?

Балаларды мадақтау.

Тәрбиеші:

— Бүгін біз жұлдыздар аспанымен таныстық. Түнде аспанға қарасаңдар, өздерің жапсырған жұлдыздарыңды елестете беріңдер!

✓ Күтілетін нәтиже:

Жұлдыздың жарық шығаратынын түсінеді.

Түнгі аспанды сипаттай алады.

Салыстыру, сұраққа жауап беру дағдылары дамиды.

Шығармашылық жұмысты орындай алады.

Тексерілді: 

№5 Ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы: «Күн мен түннің ауысуы»

Мақсаты: Балаларға Күн мен түннің қалай ауысатынын қарапайым тілмен түсіндіру. Жарық пен қараңғылықтың табиғи құбылыс екенін ұғындыру. Балалардың ойлау, бақылау, тіл дамыту қабілеттерін арттыру. Табиғатқа қызығушылыққа тәрбиелеу.

Қажетті құралдар:

Күн мен Айдың үлкен суреттері

Жердің шар моделі (болмаса сурет)

Күндізгі және түнгі аспан суреттері

Музыка (күні мен түнге арналған)

Апликацияға арналған құралдар

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балалар шеңберге жиналады.

Тәрбиеші:

— Балалар, неге бір кезде жарық, бір кезде қараңғы болады деп ойлайсыңдар?

Балалардың жауаптарын тыңдау.

2. Ғажайып сәт: «Күн» мен «Ай» қонаққа келеді

Тәрбиеші Күн мен Айдың қуыршағын көрсетеді.

Күн:

— Мен шыққанда бәрі жарық болады.

Ай:

— Ал мен шыққанда түн басталады.

Балалар қызыға қарайды.

3. Негізгі бөлім

1. Күн мен түн қалай ауысады? (Балаларға өте қарапайым түсіндіру)

— Біздің Жеріміз домалақ.

— Ол тоқтамай айналып тұрады.

— Жердің Күнге қараған беті — күндіз, артқы қараңғы беті — түн.

Жер шарына шам түсіріп көрсету (қарапайым тәжірибе).

Күндіз не болады?

Жарық болады

Адамдар оянады

Құстар сайрайды

Балалар ойнайды, балабақшаға келеді

Түнде не болады?

Аспан қараңғы

Ай мен жұлдыздар шығады

Адамдар тынығады

Жануарлар ұйықтайды (кейбірі түнде жүреді)

4. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Күн шықты – түн болды»

Тәрбиеші айтады:

«Күн шықты!» → балалар қолдарын жоғары созып, қуанады.

«Түн болды!» → балалар тізерлеп, көздерін жауып, ұйықтаған кейіп жасайды.

Ойын 3–4 рет қайталанады.

5. Шығармашылық жұмыс (вариатив)

Апликация: «Күндіз және түн»

Балалар қағазды екі бөлікке бөлген суретке:

бір жағына Күн мен бұлт, екінші жағына Ай мен жұлдыз жапсырады.

Мақсаты: ұсақ моторика, салыстыру, есте сақтау.

6. Қорытынды

Сұрақ-жауап:

— Күн қай кезде шығады?

— Түнде аспанда не көресіңдер?

— Неге күн мен түн ауысады?

(Жер айналатындықтан.)

Балаларды мадақтау.

Тәрбиеші:

— Жарайсыңдар, балалар! Енді аспанға қарағанда, күн мен түннің қалай ауысатынын жақсы білесіңдер.

✓ Күтілетін нәтиже:

Күн мен түннің айырмашылығын түсінеді.

Күннің жарық, түннің қараңғы болатынын айта алады.

Табиғи құбылыс туралы қарапайым түсінік қалыптасады.

Шығармашылық тапсырманы орындайды.

Тлексеріңді: *А.А.*

№6 Ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы: «Бұлттар мен жаңбыр»

Мақсаты: Балаларға бұлт пен жаңбырдың қалай пайда болатынын қарапайым тілмен түсіндіру. Табиғи құбылыстарға қызығушылық ояту. Бақылау және салыстыру қабілетін дамыту. Тіл байлығын арттыру және табиғатты аялауға тәрбиелеу.

Қажетті құралдар:

Бұлт, су тамшысы, күн суреттері

Жаңбыр дыбысының аудиожазбасы

Мақта (бұлт ретінде)

Көк қағаз, су тамшыларының макеті

Желім, бояу

Музыка



1. Ұйымдастыру кезеңі

Балалар шеңберге жиналады.

Тәрбиеші:

— Балалар, аспанға қарағанда не көресіңдер?

— Қандай ауа райлары бар?

Жауаптарын тыңдау.



2. Ғажайып сәт: «Аспаннан келген бұлт»

Мақтадан жасалған бұлтты көрсетеді.

Бұлт:

— Сәлем, балалар! Мен аспанды шарлап жүретін үлпілдек бұлтпын.

— Мен сендерге жаңбырды қалай әкелетінімді айтып берейін.

Балалар қызығып тыңдайды.

3. Негізгі бөлім

♣ 1. Бұлт қалай пайда болады? (Балаларға өте қарапайым түсіндіру)

— Жердегі су (өзен, көл, теңіз) буланып ауаға көтеріледі.

— Су буы аспанға жиналып, үлпілдек бұлт болады.

(Тәрбиеші қолымен «көтерілген бу» қимылын көрсетеді.)

2. Жаңбыр қалай жауады?

— Бұлт ішінде көп су жиналады.

— Су ауырлаған кезде төмен түседі.

— Осылайша жаңбыр жауады.

Жаңбыр дыбысы қосылады — балалар тыңдайды.

☼ 3. Бұлттардың түрлері (балаларға лайық):

Ақ бұлттар — жеңіл, үлпілдек.

Қара бұлттар — жаңбыр әкеледі.

Созылыңқы бұлттар — аспанды тұтас жабады.

Суреттерден көрсету.

4. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бұлт пен жаңбыр»

Тәрбиеші айтады:

«Бұлттар жүреді» — балалар қолдарын жай баяу қозғалтеді.

«Жаңбыр жауды» — саусақтарымен тырсылдатып жаңбыр жауғандай қимыл жасайды.

«Күн шықты» — қолдарын жоғары көтеріп, күліп тұрады.

5. Шығармашылық жұмыс (вариатив)

Апликация: «Жаңбыр жауды»

Балалар көк қағазға мақтадан бұлт жапсырады.

Астына көк тамшыларды орналастырады.

Мақсаты: ұсақ моторика, қиял, эстетикалық талғам.

6. Қорытынды

Сұрақ-жауап:

— Бұлттар қайдан пайда болады?

— Жаңбыр қалай жауады?

— Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі?

Балаларды мақтап, мадақтау.

Бұлт:

— Рақмет, балалар! Енді аспанға қарағанда, мені танып қоясыңдар!

✓ Күтілетін нәтиже:

Бұлттың судан пайда болатынын біледі.

Жаңбырдың қалай жауатынын түсінеді.

Бұлттарды ажырата алады.


Шығармашылық жұмыс жасай алады.


Табиғи құбылыстарға қызығушылығы артады.

Әлеуметтік: 

№7 Ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы: «Кемпірқосақтың түстері»

 **Мақсаты:** Балаларға кемпірқосақ туралы түсінік беру; оның жеті түстен тұратынын таныстыру; түстерді атау, ажырату, сәйкестендіру дағдыларын дамыту; табиғатқа қызығушылық пен бақылағыштықты арттыру.

 **Міндеттері:** Кемпірқосақтың пайда болу себебін қарапайым тілде түсіндіру; Негізгі түстерді ажырата білуге үйрету (қызыл, сары, жасыл, көк, күлгін т.б.); Саусақ моторикасын, ұқыптылықты дамыту; Табиғатқа деген сүйіспеншілікті, эстетикалық сезімді тәрбиелеу.

 **Қажетті көрнекіліктер:**

Кемпірқосақ суреттері, түсті доғалар, жеті түсті карточкалар, бұлт макеті, жіп, желім, музыка.

1. Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберіне жинайды:



«Көктен түсті кемпірқосақ

Тамашалап қарайық.

Түстерінен үйреніп,

Бәрін бірге санайық!»

Балалар көңіл-күй түстерін таңдайды.

2. Қызығушылықты ояту

Тәрбиеші бұлт пен күннің суретін көрсетеді:



– Балалар, жаңбыр жауып, күн шыққанда аспанда не пайда болады?

Балалар: Кемпірқосақ!

Экраннан/суреттен үлкен кемпірқосақты көрсету. (АКТ технологиясы)

3. Негізгі бөлім

1) «Кемпірқосақ қалай пайда болады?» (Қарапайым түсіндіру)

– Жаңбыр тамшыларына күннің жарығы түскенде, жарық бөлінеді.

– Сол кезде аспанда түрлі-түсті доға пайда болады.

Бұл – кемпірқосақ.

2) «Жеті түсті атайық» жаттығуы

Тәрбиеші әр түсті бөлек көрсетеді:

Қызыл – қызыл алма

Қызғылт сары – күннің нұры

Сары – лимон

Жасыл – жапырақ

Көк – аспан

Күңгірт көк – теңіз

Күлгін – гүл

Балалар түстерді қайталайды.

3) Ойын: «Түсін тап»

Тәрбиеші бір түсті айтады, балалар сол түсті карточканы көтереді.

Немесе бөлмеден сол түсті затты тауып әкеледі.

4) Саусақ жаттығуы «Бояулы доғалар»

Балалар қолдарын доға тәрізді көтеріп:

– Қызыл түстен басталады,

– Жасыл түске жалғанады...

деп түстерді ретімен айтады.

5) Практикалық жұмыс (таңдау):

а) Аппликация: «Кемпірқосақты құрастыру»

Балаларға дайын түсті доғалар беріледі.

Олар үлкен қағазға ретімен жапсырады.

ә) Саусақпен бояу: «Кемпірқосақ салайық»

Балалар доғаларды саусақ бояумен жүргізеді.

б) Топтық жұмыс: «Аспандағы көпір»

Үлкен ватманға қосылып ортақ кемпірқосақ жасайды.

4. Сергіту сәті

«Кемпірқосақ» қимылды әні:

Қызыл, сары, жасыл, көк,

Тізбектеліп келеміз.

Аспандағы кемпірқосақ

Секілді боп жүреміз.

(Балалар түрлі түспен қозғалады)

5. Қорытынды

Балалардан сұрау:

– Кемпірқосақ қашан пайда болады?

– Қанша түстен тұрады?

– Қандай түстерді білдік?

Бағалау:

Балалардың белсенділігі, түстерді атауы, тапсырмаларды орындауы ескеріледі.

Рефлексия: «Кемпірқосақ көзілдірігі»

Балалар көңіл-күйін түспен көрсетеді.

Әлексеріңді: *А.А.*



№8 Ұйымдастырылған оқу қызметі

Бағдарлама: «Аспан әлемі»

Тақырып: Күн жүйесі

Мақсаты:

- Балаларды Күн жүйесімен алғашқы таныстыру.
- Күннің жарық, жылы болатынын түсіндіру.
- Жер – біздің ғаламшарымыз екенін айту.
- Балалардың қызығушылығын, тыңдау және есте сақтау қабілетін дамыту.

Қажетті құралдар:

- Күн және ғаламшарлардың үлкен, түрлі-түсті суреттері
- Доп (Күн ретінде)
- Жердің макеті немесе көк түсті шар
- Музыка (ғарыш әуені)

Оқу қызметінің барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңбері:

*«Күн күлімдеп нұр төгіп,
Жылытады жанымыз.
Ғарыштағы ғаламшарды,
Бүгін бірге табамыз!»*

II. Қызығушылықты ояту

Тәрбиеші қолына **жарық беретін Күн суретін** алып:

— *Балалар, бұл не?*

Балалар: *Күн!*

— *Күн бізге жарық, жылу береді. Күн болмаса – қараңғы болар еді.*

Күннің айналасында кішкентай шарларды көрсетіп:

— *Бұлар – ғаламшарлар. Олар Күнді айналып жүреді.*

III. Негізгі бөлім

1. Күнмен таныстыру

- Күн – өте үлкен.
 - Жылы, жарық береді.
- Балаларға қолдарын создырып, *жылу сезу қимылы* жасату.

2. Жермен таныстыру

Жер макетін көрсету.

— *Міне, балалар, бұл – Жер. Біз осы ғаламшарда тұрамыз.*

Балалар Жерді қолдарына ұстап, кезекпен қарайды.

3. Тек екі ғаламшарды таныстыру

Марс – қызыл ғаламшар

- **Сатурн** – сақинасы бар

Суреттерді ашып, қысқа сипаттама айту.

IV. Сергіту сәті – «Ғарышқа ұшамыз»

Ракета болып тұрамыз,

Бір, екі, үш – ұшамыз!

(Қолдарын жоғары көтеріп, секіреді.)

V. Дидактикалық ойын:

«Күнге кім жақын?»

Үш сурет беріледі: Күн, Жер, Марс.

Балалар Күнге жақын тұрғанын табады — *Меркурий орнына Марсты қысқартылған нұсқа ретінде береміз.*

VI. Қорытынды

— *Балалар, бүгін не көрдік?*

— *Күн қандай?*

— *Біз қай ғаламшарда тұрамыз?*

Балалар сурет ішінен Жерді көрсетеді.

VII. Бағалау

Баланың жауап беруі, қызығушылығы, қатысуы байқалады.



Тексерілді: *А.А.А.*

№9 Ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырып: «Ғарышқа жол»

Мақсаты:

- Балаларға ғарыш, зымыран туралы алғашқы түсінік беру.
- Қиялын, ойлауын, сөздік қорын дамыту.
- Батылдық, қызығушылыққа тәрбиелеу.

Құралдар:

- Зымыран суреті немесе макеті
- Жұлдыз, Ай, Күн суреттері
- Музыка (ғарыш дыбыстары)

I. Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңбері:

**«Жұлдыздарға қараймыз,
Ғарышқа біз барамыз.
Бірге ұшайық, достарым,
Жолды бүгін табамыз!»**

**Ғарышқа жол ашылды,
Зымыранім жасылды.
Көкке қарай ұшамыз,
Жұлдыздарды құшамыз!**

Әдемі сөйлемдер

Балалар, бүгін біз **ғарышқа жол** ашамыз.

- Зымыранға отырып, аспанға биікке ұшамыз.
- Жоғарыда жұлдыздар жарқырап тұр.
- Біз ғарыштан Күнді, Айды, жұлдыздарды көреміз.
- Ғарышкер болу – ерлік, батылдық!

II. Қызығушылықты ояту

Тәрбиеші зымыран суретін көрсетеді:

— *Балалар, бұл не?*

— *Бұл – зымыран! Ол ғарышқа ұшады.*

III. Негізгі бөлім

1. Ғарыш туралы түсінік

- Ғарыш — аспанның үстінде, өте биікте.
- Онда жұлдыздар жарқырайды.
- Ай мен Күн де ғарыста.

2. Зымыранмен таныстыру

Зымыранның ұзын, үшкір болатынын түсіндіру.

3. «Ғарышқа жол» ойыны

Балалар жолақтардан «ғарыш жолын» құрастырады (түстерден, текшеден, кілемшеден).

IV. Сергіту сәті — «Зымыран ұшты!»

Бір... екі... үш!

Зымыран ұшты!

Көкке қарай көтеріледі,

Жоғарыға жетеді!

Балалар қолдарын жоғары сермеп, секіреді.

V. Практикалық жұмыс

«Жұлдызды тап» ойыны


Тәрбиеші жұлдыздарды жасырып, балалар табады.

VI. Қорытынды

— Ғарышқа немен ұшамыз?

— Жұлдыз қайда болады?

— Ай қандай?

Тексерілді: 

№10 Ұйымдастырылған оқу қызметі



Тақырыбы: Ғарышкер күні

Бағдарлама: «Аспан әлемі»

Мақсаты:

- Балаларды «ғарышкер» ұғымымен таныстыру.
- Зымыран, ғарыш, жұлдыз, Ай туралы түсінік беру.
- Батылдыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу.


Көрнекіліктер:

- Ғарышкер суреті
- Зымыран макеті немесе плакат
- Жұлдыздар, Ай суреттері
- Музыкалық әуен (ғарыш дыбыстары)

I. Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңбері:

«Көкке қарай ұшамыз,
Ғарышкер боп қашамыз.
Жарқыраған жұлдыздар,
Бізді күтіп тұрардар!»



II. Қызығушылықты ояту

Тәрбиеші ғарышкер суретін көрсетіп:

— *Балалар, бұл кім?*

— *Ғарышкер!*

Ғарышкердің ғарышқа ұшатынын, скафандр киетінін түсіндіру.

III. Негізгі бөлім

1. Ғарышкер туралы әңгіме

- Ғарышкер зымыранға отырып, аспанға ұшады.
- Арнайы киім — *скафандр* киеді.
- Жұлдыздарды, Жерді жоғарыдан көреді.

2. Зымыранмен таныстыру

- Ұзын, үшкір, жоғарыға ұшады.
- От шығарып көтеріледі.
Балалар зымыран дыбысын салады: «*шши—боом!*»

3. Сергіту сәті «Зымыран ұшады»

Бір, екі, үш!
Жоғарыға үш!
(Балалар қолдарын көтеріп, секіреді.)


IV. Дидактикалық ойын:

«Ғарышкерге көмектес»

Жұлдыздарды себетке жинау.
Ай суретін табу.
Зымыранды жолға қою.

V. Қорытынды сұрақтар

- Ғарышқа кім ұшады?
- Зымыран қандай?
- Жұлдыз қайда болады?

Тексерілді: 

№11 Ұйымдастырылған оқу қызметі



«Ай мен жұлдыздар» биі

Қажетті атрибуттар:

- Қолға ұстайтын **жұлдыздар** (алтын/күміс)
- Бір балаға **Ай маскасы** немесе айдың макеті
- Ашық, баяу, әуезді музыка (ғарыш, түн әуені)

Би кейіпкерлері:

1. **Ай** – 1 немесе 2 бала
2. **Жұлдыздар** – қалған балалар



□ Би сценарийі:

1-бөлім: Түн келеді

Музыка баяу басталады.

Ай бейнеленген бала ортаға баяу шығады.
Қолдарын жайлап көтеріп, айналып тұрады.

Қимылдары:

- Қолын жоғары созу
- Жай айналу
- Бір қадам алға, бір қадам артқа

2-бөлім: Жұлдыздардың пайда болуы

Музыка жеңіл жылдамдайды.

Жұлдыздар екі жақтан алаңға жүгіріп шығады, қолдарындағы жұлдызды жоғары көтереді.

Қимылдары:

- Жұлдызды жоғары көтеріп, оң–солға баяу шайқау
- Бастарын аспанға көтеріп «жарқырау»
- Төмен отырған қалыптан қайта көтерілу (жұлдыздың «жанып-сөнуі»)

3-бөлім: Ай мен жұлдыздардың бірге билеуі

Ай ортасында тұрады, жұлдыздар айнала айналады.

Қимылдары:

- Шеңбер бойымен айналу
- Қолдарын Айға қарай созу
- Бір қадам алға – бір қадам артқа қайту
- Жұлдыздарды жоғары көтеріп, ырғақпен тербелу

4-бөлім: Жұлдыздардың жарқырауы

Музыка көтеріледі.

Жұлдыздар ортаға жақындап, әдемі қозғалыстар жасайды:

- Жұлдызды кеуде алдына ұстап, баяу алға беру
- Айналып, бір-біріне қол сермеу
- Жерге қарай еңкейіп, қайта жоғары «жарқырап» тұру

5-бөлім: Айдың нұры

Музыка баяулайды. Ай шеңбердің ішінен сыртқа шығып, жұлдыздарды «нұрландырып» өтеді:

Ай әр жұлдыздың жанына барып қолын көтереді, сол кезде жұлдыздар жарқыраған қимыл жасайды.

Қорытынды көрініс

- Ай ортада тұрады.
- Жұлдыздар айнала жарқыраған қалыпта тұрып қалады.
- Музыка басылады.

Балалар қолдарын жоғары көтеріп, финалдық поза жасайды.

Тексерілді: *А.А.*

№12 Ұйымдастырылған оқу қызметі







Бөлімі: Аспан әлемі (вариативтік компонент)

Тақырыбы: «Темірқазық пен Жетіқарақшы»

Мақсаты: Балаларды аспан әлемімен таныстыру, Темірқазық жұлдызы мен Жетіқарақшы шоқжұлдызы туралы қарапайым түсінік беру.

Міндеттері:

-  Темірқазық жұлдызының ерекшелігін түсіндіру
-  Жетіқарақшы шоқжұлдызын танып, пішінін ажырата білуге үйрету
-  Бағдар табуда Темірқазықтың маңызын түсіндіру
-  Сөздік қорын дамыту, танымдық қызығушылығын арттыру

Көрнекіліктер:



- Түнгі аспан суреттері
- Темірқазық пен Жетіқарақшы бейнеленген плакат
- Жұлдыздар макеті немесе интерактивті тақта
- Жұлдыз пішінді үлестірмелі материал

Әдіс-тәсілдер:

- Әңгімелеу

- Сұрақ-жауап
- Көрсету, түсіндіру
- Ойын әдісі

ҰОҚ барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі

Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, аспан туралы қысқаша әңгіме:

– Балалар, түнде аспанға қарағанда нелерді көреміз?

II. Негізгі бөлім

1. Темірқазық жұлдызы

- Темірқазық – аспандағы ең жарық әрі қозғалмайтын жұлдыз
- Ол әрқашан солтүстікті көрсетеді
- Адамдар бұрын жол табу үшін пайдаланған

2. Жетіқарақшы шоқжұлдызы

- Жеті жұлдыздан тұрады
- Шөмішке (шөміш, ожау) ұқсайды
- Жетіқарақшы арқылы Темірқазықты табуға болады

Тәрбиеші суреттен көрсетіп, жұлдыздарды санатады.

III. Сергіту сәті

«Жұлдыздар биі»

- Балалар жұлдыз болып айналады
- «Жарқыраймыз, ұшамыз» қимылдары

IV. Бекіту

Дидактикалық ойын:

«Жұлдызды тап»

- Балалар суреттен Темірқазық пен Жетіқарақшыны табады
- Сұрақтар:
 - Темірқазық не үшін керек?
 - Жетіқарақшы неше жұлдыздан тұрады?

V. Қорытынды


- Балаларды мадақтау
- Қорытынды сұрақтар арқылы білімін бекіту

– Бүгін біз қандай жұлдыздармен таныстық?

Күтілетін нәтиже:

Балалар:

- Темірқазық пен Жетіқарақшыны таниды
- Аспан әлеміне қызығушылық танытады
- Қарапайым астрономиялық түсінік алады

Тексерілді: 

№13 Ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру саласы: Таным

Бөлімі: Аспан әлемі

Тақырыбы: «Күн жүйесінің гажайыбы»

Мақсаты: Балаларды Күн жүйесімен таныстыру, Күн мен планеталар туралы қарапайым әрі түсінікті ұғым қалыптастыру.

Міндеттері:

- ☀ Күннің жарық пен жылу көзі екенін түсіндіру
- Күн жүйесінде планеталар бар екенін айту
- Жер – біздің ғаламшарымыз екенін ұғындыру
- Тыңдай білу, сұраққа жауап беру дағдыларын дамыту
- Қиялын, танымдық қызығушылығын арттыру

Көрнекіліктер:

- Күн жүйесінің үлкен суреті
- Күн мен планеталардың макеті
- Түрлі түсті доптар (Күн мен планеталар)
- Жұлдызшалар, смайликтер
- Интерактивті тақта (болса)

Әдіс-тәсілдер:

- Әңгімелеу
- Көрсету, түсіндіру
- Сұрақ-жауап
- Қимылды және дидактикалық ойындар

ҰОҚ барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі

Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызу.

Тәрбиеші:

– Балалар, бір-бірімізге күлімдеп қарайық.

– Бүгін біз өте қызықты әлемге саяхат жасаймыз.

Шаттық өлеңі:

Күн күледі бізге қарап,



*Жылу беріп, нұр таратып.
Аспан әлем гажайып,
Бәрін бірге білейік.*

II. Негізгі бөлім

1. Кіріспе әңгіме

Сұрақ-жауап:

- Балалар, аспанға қарағанда нені көреміз?
- Күн қашан шығады?
- Күн бізге не береді?

Балалардың жауаптарын толықтыру.

2. Күнмен танысу

- Күн – өте үлкен, жарқыраған, ыстық шар
- Күн бізге жарық береді
- Күн бізді жылытады
- Күн болмаса, өсімдіктер де, адамдар да өмір сүре алмайды

Күннің суретін көрсетіп, балаларға сипаттату.

3. Күн жүйесі туралы түсінік

